

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасы А.Ә.Әріпхановтың 2018 жылғы 23 қаңтарда сағ. 10.00-де «2017 жылы «Нұрлы жер» бағдарламасын іске асыру барысы туралы» 1-мәселе бойынша өтетін ҚР Үкіметінің отырысына тезистері

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

2-слайд

«Бәйтерек» холдингі «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылыс бағдарламасы шеңберінде толығымен нарық жағдайында негізгі бес бағыттың төртеуін іске асыруға қатысады.

2017 жылдың қорытындысы бойынша мынадай нәтижелерге қол жеткізілді.

3-слайд

Бірінші. «Бәйтерек» холдингі 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап **кредиттік тұрғын үй құрылысы** бағыты бойынша **тек жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын сатып алу** арқылы **ғана** тұрғын үй құрылысын қаржыландыруда.

Барлық **қаржы қаражаты**, сондай-ақ жобаларды іріктеу, құрылыс салушыларды анықтау, игеру және құрылыс барысына мониторинг жүргізу бойынша функциялар **жергілікті атқарушы органдарға берілді.**

2017 жылға **71,9 млрд.** теңгеге облигациялар сатып алу жоспарланып, **71,9 млрд.теңгеге** немесе жоспардың **100%-на** әкімдіктердің облигациялары, оның ішінде салынған баспананы сатудан түскен қаражатты **қайта пайдалану** есебінен сатып алынған. Осылайша, бұған дейін бөлінген барлық қаражат **толық игерілген.**

2017 жылғы 7 тамыздағы ҚР ҰҚБК-ға сәйкес, 2016 жылы ҚРҰҚ бұған дейін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ға бөлінген 113 млрд. теңге (оның ішінде келісім-шарт жасалмағаны 17.4 млрд. теңге) және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға 97 млрд. теңге (оның ішінде келісім-шарт жасалмағаны 21.1 млрд. теңге) ЖАО бағалы қағаздарын сатып алуға қайта бағытталады. Осылайша, ЖАО облигацияларын сатып алуға барлығы 277 млрд. теңге (113 млрд. + 67 млрд. + 97 млрд.) бағытталады.

Бұл тетік «револьверлік» принцип бойынша **әрбір 2 жыл сайын** қаражатты айналдыруға және тұрғын үйді сатудан алынған қаражатты **ресурстарды қосымша бөлусіз** жаңа құрылысқа **қайта жіберуге** мүмкіндік береді. Әкімдіктер **жыл сайын** Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің салымшылары үшін **15 мың пәтер** салатын болады.

4-слайд

Тұрғын үй құрылыс жинақтары бағыты бойынша, 2017 жылға қарыз беру 181 млрд. теңге көлемінде жоспарланып, **Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі 289,9 млрд. теңге жалпы сомасына 41,7 мың** немесе **жоспардың 160%-на жеңілдетілген тұрғын үй қарыздарын** берген.

Анықтама үшін: Бүгінгі күні Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі жүйесінде 520 млрд. теңге жинақтық сомасындағы 1 056 мың шарт бар, олардың ішінде 33 мың шартта салынған кредиттік тұрғын үй сатып алу үшін қажетті 128 млрд. теңге сомасына жинақтың 30%-ы бар.

Тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесін одан әрі ынталандыру үшін Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі тарапынан бизнес-процестер бойынша талаптар **оңтайландырылып, төмендетілген**, бұл тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы **күн сайын жасалатын шарттар** санын **1 мыңнан 2,5 мың салымшыға дейін 2,5 есе арттыруға** мүмкіндік берді.

Бұл шаралар тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесіне жыл сайын **жаңа салымшыларды 35%-ға** арттыруға мүмкіндік берді.

Анықтама үшін: Мысалы, 2016 жылғы 1 қаңтарда ҚТҚЖБ салымдар саны 297 млрд. теңге жинақтарымен 601 мыңды құрады. 2017 жылғы 1 қаңтарда депозиттік база 110,1 млрд. теңге сомасына 213 мың шартқа өсті. 2017 жылы жаңа салымдар өсімі 113 млрд. теңге сомасына 241 мың шартты құрады.

Сонымен қатар, 2017 жылғы 1 тамыздан бастап бұған дейін қолданыста болған барлық тарифтік бағдарламаларды біріктірген **«Баспана» бірыңғай тарифтік бағдарлама** іске қосылды (бұған дейін 3 - 5.5- 8.5 – 15 жылдар кезеңіне бөлінген 4 тарифтік жоспар болған).

Қазіргі уақытта адамның өзі қанша жыл жинайтынын, қаржылық мүмкіндігіне қарай **тұрғын үй қарызын** қандай пайызда **алғысы келетінін өзі шешеді**.

Сонымен қатар, 2017 жылғы қыркүйекте өз платформасында Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің барлық клиенттерін, құрылыс компанияларын және мемлекеттік органдарды біріктіретін **«Баспана.kz» жылжымайтын мүлік интернет-порталы** іске қосылды.

Енді қазақстандықтар **қашықтықтан** «Нұрлы жер» бағдарламасын іске асыру шарттары бойынша **онлайн-консультация**, дайын және салынып жатқан объектілер, шаршы метр және **Банк өнімдері** туралы **ақпаратты** ала алады.

200 мыңнан аса пайдаланушы тіркелген **онлайн-банкинг** жүйесі дамуда. Бұл жүйе өз жинақтарын бақылап қана қоймай, **бірнеше минут ішінде** есептелген сыйақы көлемін **тексеруге**, өзінің баға көрсеткіштерін қадағалауға, депозитті толықтырып, кредитті өтеуге мүмкіндік береді. 2017 жыл ішінде байланыстың ақпараттық арналары арқылы **қандай да бір комиссиясыз 1 млн. 120 мың төлем** жасалған.

Анықтама үшін: 2016 жылы 621 мың онлайн төлем, 2017 жылы 1 120 мың төлем жасалған. 2017 жылдың мамырынан бастап QR-кодтың төлеуінің жаңа тәсілі іске қосылған. Бұл клиенттерге модильді телефон арқылы депозиттерді толықтыруға мүмкіндік береді. Барлық төлем клиент үшін 3 минут ішінде комиссиясыз жасалады.

5-слайд

Екінші. Бұған дейін қабылданған бағдарламалар шеңберінде тұрғын үй құрылысын аяқтау бағыты бойынша жоспарланған **554,3 мың шаршы метрдің** орнына пайдалануға **628,6 мың шаршы метр (10 829 пәтер)** немесе жоспардан **113%-ы** тапсырылды.

Тұрғын үйді пайдалануға беру көлемін асыра орындау **жеке құрылыс салушылардың** құрылысты **жоғары** қарқынмен жүргізуіне байланысты.

Анықтама үшін: 2017 жылы «БД» АҚ-ның жалдамалы және кредиттік тұрғын үй желісі бойынша 389,3 мың шаршы метр жоспарланып, 425,4 шаршы метр (7 207 пәтер) тапсырылды. «ҚИК» АҚ-ның жалдамалы және кредиттік тұрғын үй желісі бойынша 165 мың шаршы метр жоспарланып, 203,2 шаршы метр (3 622 пәтер) тапсырылды.

2015-2016 жылдары тұрғын үй салуға ҰҚ, РБ-дан 258,9 млрд. теңге көлемінде «ҚИК» АҚ-ға (163,3 млрд.) және «БД» АҚ-ға (95,6 млрд.) бөлінген қаражаттан 1 640,8 мың шаршы метр (28 394 пәтер) алаңға 255 млрд. теңгеге шартқа қол қойылған. 1 510,9 мың шаршы метр (26 200 пәтер) тапсырылған. Құрылыс салушыларға 241 млрд. теңге аударылды. Қаражатты толық игеру ҚМЖ актілеріне сәйкес 2018 жылдың маусымына дейін жоспарланған.

6-слайд

2017 жылы халық үшін ипотека бойынша сыйақыны қаражаттандыру бағыты бойынша **15 млрд. теңге** жоспарланып, екінші деңгейдегі банктер 18 қалада (Алматы, Астана, Ақтөбе, Орал, Қостанай, Көкшетау, Өскемен, Ақтау, Атырау, Семей, Тараз, Талдықорған, Қарағанды, Қызылорда, Жезқазған, Қаскелен, Шымкент, Павлодар) **13,6 млрд. теңге** сомасындағы тапсырысты мақұлдады.

Анықтама үшін: Бүгінгі күні екінші деңгейдегі банктерге 14,2 млрд. теңге сомасына 1 388 тапсырыс келіп түсті. Екінші деңгейдегі банктер олардың ішінде 13,6 млрд. теңге сомасына 1 336 қарызды субсидиялауға мақұлдаған. «ҚИК» АҚ 9,3 млрд. теңгеге субсидиялау шартына қол қойған.

2017 – 2018 жж. жалпы 120 млрд. теңге сомасына 8 мың ипотекалық қарызды субсидиялау жоспарлануда.

7-слайд

Жылдық **15 млрд. теңге** жоспарымен жеке құрылыс салушылардың кредиттері бойынша **сыйақы мөлшерлемесін қаражаттандыру** бағыты бойынша, Өңірлік үйлестіру кеңестері **27 млрд. теңге** сомасына **23 жобаны** қаражаттандыруға мақұлдады, олардың ішінде Даму қоры **26,1 млрд. теңге** жалпы кредит сомасына **20 жоба** бойынша қаражаттандыру шартына қол қойған.

Анықтама үшін: Астана қаласында 9 млрд. теңгеге 1 жоба, Алматы қ. 9,8 млрд. теңгеге 2 жоба, Ақтөбе облысында 0,8 млрд. теңге сомасына 3 жоба, Қостанай облысында 2 млрд. теңгеге 2 жоба, Атырау облысында 0,9 млрд. теңгеге 2 жоба, Павлодар облысында 0,02 млрд. теңгеге 1 жоба, Қызылорда облысында 0,7 млрд. теңгеге 3 жоба, ШҚО 0,5 млрд. теңгеге 1 жоба, БҚО 0,08 млрд. теңгеге 1 жоба, ОҚО 0,5 млрд. теңгеге 3 жоба.

Құметті Бақытжан Әбдірұлы!

Жалпы алғанда, **2017 жылдың қорытындысы бойынша «Бәйтерек» холдингі «Нұрлы жер» бағдарламасына сәйкес барлық жоспарланған индикаторларға қол жеткізді.**

Назарларыңызға рахмет!